«Шардара» мектеп – лицейі әдістемелік қызметінің 2025–2026 оқу жылы бойынша жылдық талдау есебі

1. Оқу-әдістемелік жұмысты жоспарлау

2025–2026 оқу жылында мектептің әдістемелік қызметі мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Жылдық жоспар негізінде оқу сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру және зерттеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар орындалды.

Мектепішілік бақылау жоспары бойынша жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі белгіленген мерзімде орындалып, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес және әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралды. Бақылау нәтижелері бойынша анықтамалар, мониторингтер мен талдамалық есептер дайындалды.

2. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру

Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді. Мұғалімдер біліктілік арттыру курстарынан өтіп, курстан кейінгі қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Курстан өткен педагогтер әдістемелік бірлестіктерде тәжірибе таратып, шеберлік сағаттары мен коучингтер өткізді.

Жыл ішінде:

- пәндік семинарлар өткізілді;
- коучингтер мен тренингтер ұйымдастырылды;
- ашық сабақтар мен тәжірибе алмасу алаңдары құрылды;
- педагогтердің кәсіби байқауларға қатысуы қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде педагогтердің цифрлық сауаттылығы артып, оқыту тәжірибесіне заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу деңгейі көтерілді.

Семинарлар мен коучингтер:

Математика пәні мұғалімдері Ибрагимова М. және Абдрашит А. ұйымдастыруымен «Сабақта тиімді ЖИ құралдарын қолдану» тақырыбында бастауыш және жоғары сынып мұғалімдеріне арналған екі күндік семинар-коучинг өткізілді.

Аталған іс-шараның мақсаты – білім беру үдерісінде жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану жолдарын көрсету, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру және заманауи технологияларды сабақта қолдану тәжірибесін жетілдіру болды.

Семинар барысында қатысушылар ЖИ құралдарының мүмкіндіктерімен танысып, оларды сабақ жоспарлауда, тапсырмалар дайындауда және оқушылардың білімін бағалауда қолдану тәсілдерін меңгерді. Тәжірибелік бөлімде мұғалімдер түрлі тапсырмалар орындап, жаңа құралдарды өз тәжірибесінде қолданып көрді.

Коучинг кезінде әріптестер арасында белсенді пікір алмасу ұйымдастырылып, тиімді әдістер мен тың идеялар ортаға салынды. Қатысушылар өздерінің кәсіби қызметінде қолдануға болатын көптеген пайдалы мәліметтер алды. Екі күндік семинар-коучинг мұғалімдердің кәсіби дамуына серпін беріп, білім беру сапасын арттыруға және цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға үлкен мүмкіндік жасады.

Алматова С. және Сахова Г. «Тәлімгерлік – тәжірибе мен білімнің алтын кені» тақырыбында мұғалімдермен мазмұнды сабақ өткізді. Аталған сабақтың негізгі мақсаты – жас мамандарға қолдау көрсету, тәжірибе алмасу және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру болды.

Сабақ барысында тәлімгерліктің маңызы кеңінен түсіндіріліп, тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылды. Мұғалімдер топтық жұмыстарға қатысып, өз ойларын ортаға салып, түрлі тапсырмалар орындады. Әріптестер арасында еркін пікір алмасу жүріп, жаңа идеялар мен тың көзқарастар қалыптасты.

Іс-шара барысында қатысушылар тәлімгерлік арқылы білім мен тәжірибені ұштастырудың маңыздылығын түсініп, оны өз тәжірибелерінде қолдануға ынта білдірді. Бұл сабақ мұғаліммұғалімдердің бір-бірінен үйренуіне, кәсіби дамуына және білім сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік берді.

Орыс тілі пәні мұғалімдері Қалдарбек Ұ. және Құрбаналиева А. ұйымдастыруымен «Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесімен бөлісу» тақырыбында семинар-коучинг өткізілді. Аталған іс-шараның мақсаты – мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи әдіс-тәсілдерді тәжірибеде тиімді қолдану жолдарын көрсету болды.

Семинар барысында қатысушыларға оқыту үдерісінде қолданылатын түрлі белсенді әдістер мен жаңа педагогикалық технологиялар таныстырылды. Тәжірибелік бөлімде мұғалімдер топтық жұмыстарға қатысып, берілген тапсырмалар арқылы өзара тәжірибе алмасты.

Коучинг барысында әріптестер арасында еркін пікір алмасу ұйымдастырылып, сабақ сапасын арттыруға бағытталған тың идеялар ұсынылды. Қатысушылар өз тәжірибелерінде қолдануға болатын пайдалы ақпараттар алып, кәсіби тұрғыда дамуға серпін алды.

Бұл семинар-коучинг мұғалімдердің шығармашылық қабілетін жетілдіруге, тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға және білім беру сапасын арттыруға ықпал етті.

Бастауыш сынып мұғалімдері Әбіл Г және Шатаева Қ апайларымыз “Тәжірибемен бөлісу” тақырыбында коучинг сабағын өткізді.Бастауыш сынып мұғалімдері Әбіл Г. және Шатаева Қ. апайларымыз «Тәжірибемен бөлісу» тақырыбында коучинг сабағын өткізді. Аталған коучинг барысында ұстаздар өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді ортаға салды. Сабақта заманауи педагогикалық технологиялар қолданылып, түрлі тапсырмалар мен топтық жұмыстар ұйымдастырылды.

Қатысушылар белсенділік танытып, пікір алмасып, жаңа идеялармен толықты. Коучинг сабағы әріптестер арасында тәжірибе алмасуға, кәсіби шеберлікті арттыруға үлкен мүмкіндік берді. Мұндай мазмұнды іс-шаралар мұғалімдердің шығармашылық қабілетін дамытып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Аудандық тәжірибелік семинар

«Тарих және география сабақтарында белсенді оқыту әдістерін қолдану тәжірибесі» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өткізілді.

Семинардың мақсаты – тарих және география пәндері сабақтарында белсенді оқыту әдістерін тиімді қолдану тәжірибесімен бөлісу, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, сондай-ақ оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, сыни ойлау қабілетін және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерді насихаттау.

Іс-шара барысында педагогтер ашық сабақтар, шеберлік сағаттары мен тәжірибе алмасу алаңдары арқылы өзара пікір бөлісіп, тиімді әдіс-тәсілдерді талқылады.

18 ақпан күні Б. Соқпақбаев жалпы білім беретін мектеп базасында "Шардара" мектеп - лицейінің "Ауылдық жерлердегі тірек - мектептердің әлеуетін дамыту" бағдарламасы аясындағы жоспарына байланысты "ЖИ құралдары арқылы оқыту сапасын арттыру: тәжірибе және нәтиже" тақырыбында мазмұнды әрі тәжірибеге бағытталған семинар ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын білім беру үдерісіне тиімді енгізу жолдарын қарастыру, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру және өзара тәжірибе алмасу болды.

Семинар барысында Б. Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп пен "Шардара" мектеп-лицейінің мұғалімдері ашық сабақтар өткізіп, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Ұстаздар сабақ барысында жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы оқу тапсырмаларын түрлендіріп, білім алушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді әдістерін көрсетті.

Ашық сабақтарда ЖИ негізіндегі платформалар мен қосымшалар қолданылып, оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынылды. Сонымен қатар, білімді жедел бағалау, кері байланыс беру және саралап оқыту тәсілдері заманауи цифрлық құралдар арқылы жүзеге асырылды.

Семинар қорытындысында қатысушылар ЖИ технологияларын сабақта ұтымды пайдалану оқыту сапасын арттырып қана қоймай, мұғалім жұмысының тиімділігін де жоғарылататынын атап өтті. Тәжірибе алмасу алаңы педагогтердің кәсіби дамуына серпін беріп, болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға негіз қалады.

№1 М. Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында 2026 жылғы 4 наурыз күні тірек мектептердің әлеуетін көтеру және шағын жинақты мектептердегі білім сапасын арттыру мақсатында «Ауылды жердегі тірек мектептердің әлеуетін арттыру» жобасы аясында «Мұғалім тәжірибесіндегі жасанды интеллект: тиімді сабақ үлгілері» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Семинар барысында пән мұғалімдері Рыштай Г, Қалдарбек Ұ, Еркін С, Зейнеханова Г, Тұртабаева Ұ, Мусаева Г, Сахов С, Мырзамұратов А, Әуелбекова Ұ. өздерінің педагогикалық тәжірибелерімен бөлісіп, жасанды интеллект мүмкіндіктерін сабақ барысында тиімді қолдану бағытында шебер-сынып сабақтарын өткізді.

Іс-шара барысында мұғалімдер білім беру үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды қолданудың тиімді жолдарын көрсетіп, тәжірибе алмасу

арқылы кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік алды. Семинар педагогтердің әдістемелік шеберлігін жетілдіруге және білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды алаң болды.

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептер әлеуетін дамыту» бағдарламасы аясында «Жасанды интеллект: болашақ білім берудің жаңа бағыты» тақырыбында 08.04 күні М. Горький атындағы жалпы білім беретін мектепте «Шардара» мектеп-лицейінің мұғалімдері шеберлік сабағын ұйымдастырып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Іс-шара барысында қатысушылар жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне тиімді енгізу жолдарын талқылап, заманауи оқыту әдістерімен танысты. Сонымен қатар, екі білім беру ұйымы арасындағы кәсіби ынтымақтастықты нығайту және алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу мәселелері қарастырылды.

Шардара аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің тірек мектептер жұмысының әдіскері Дәуренбек Аманғалиұлы және «Шардара» мектеп – лицейі тірек мектебінің ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Телеубергенова Кунсаяның ұйымдастыруымен 24 сәуір күні «Шардара» мектеп – лицейі базасында **«Білім беру үдерісінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану: мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру»** тақырыбында магниттік мектептер арасында аудандық оқыту семинар өткізілді.

Семинарға магниттік мектептерінен 16 мұғалім қатысты.

Мақсаты: Мұғалімдерді жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерімен таныстыру, оларды сабақ барысында тиімді қолдану жолдарын үйрету және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту сапасын арттыруға бағыт беру.

Семинар барысында бағдарламаға сәйкес мұғалімдер коучинг сабақтарын өткізді.

“Жалпы білім беру үдерісінде заманауи цифрлық технологиялар аясында жасанды интеллекттің рөлі” тақырыбында ағылшын тілі пәні мұғалімі Назарқасым Жұлдыз Дәуренқызы, физика пәні мұғалімі Ибрагимова Гулзат Қуанышбекқызы коучинг сабағын өткізді. «Химия пәнін оқытуда виртуалды зертханалар мен цифрлық модельдеулерді қолдану» тақырыбында химия пәні мұғалімі Еркин Сауле Токтабаяновна коучинг сабағын өткізді.

«ЖИ – заманауи сабақтың құралы: пәндік тәжірибеде қолдану» тақырыбында Ибрагимова Мөлдір Тәңірбергенқызы коучинг сабағын өткізді. Семинарда сабақ өткен пән мұғалімдері әрбір ашық сабақтарында ұлттық құндылықтар,оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын тапсырмалары арқылы пән аралық байланыс, мұғалімнің және оқушылардың АКТ-ны пайдалануы, жасанды интеллект, жаңа әдіс тәсілдерді қолдану арқылы өз білімдерін көрсете білді.

Семинар қорытындысында қатысушылар коучинг сабақтарының мазмұны мен ұйымдастырылу деңгейіне оң баға берді. Пікір алмасу барысында мұғалімдер ұсынылған тәжірибелердің өзектілігін, әсіресе жасанды интеллект

пен цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне кіріктірудің маңыздылығын атап өтті. Коучинг сабақтарында көрсетілген әдіс-тәсілдер оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, функционалдық сауаттылығын арттыруға және пәнге деген қызығушылығын күшейтуге ықпал ететіні айтылды.

Сонымен қатар, қатысушылар виртуалды зертханалар мен цифрлық модельдеулерді қолдану білім алушыларға күрделі ұғымдарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін, ал жасанды интеллект құралдары оқытуды дараландыруда тиімді екенін ерекше атап өтті. Мұғалімдер тәжірибе алмасудың мұндай форматы кәсіби дамуға серпін беретінін жеткізіп, алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру қажеттігін ұсынды.

Аудандық тәжірибелік семинар

2025 жылдың 9 желтоқсан күні **«Бастауыш сыныпта математикалық тапсырмаларды логикалық есептермен шешуді үйрету жолдары»**тақырыбында білім беру ұйымдарының бастауыш пән мұғалімдерімен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша аймақтық семинар ұйымдастырылды.

Тәжірибелік шебер-сабақ барысында мұғалім тәжірибесіндегі білімді жетілдіру тәсілін жүзеге асыру бойынша 3 «А» сыныпта Шатаева Құндыз «Көне өлшемдер» тақырыбында өтілген этносабағы, 3 «Ә» сыныпта Абдиоразова Айткул «Уақыт», «Саулет», «Тізбек» тақырыбындағы «Сайыс» сабақ,3 «Б» сыныпта Шаймарданова Жанар «Математикалық айтыс»тақырыбындағы инценировка сабағы,мектеп- психологы Арын Арайлым 3-4 сыныптар аралығында «Достық аралына саяхат» тақырыбындағы тренинг сабағы,мұғалімдермен «Бастауыш сыныпта логикалық ойлауды дамыту ерекшелігі» тақырыбында ақпаратты презентациямен білім бөлімінің әдіскері Гүлжан Турлыбекқызы және оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Жамила Бегайдарқызы«Бастауыш сыныпта математиканы оқытудың креативті тапсырмаларды жобалау әдістемесі» тақырыбында логикалық ойлауды дамытудың негізгі жоспары тапсырмамен жүзеге асырылуы жөнінде бастауыш сынып мұғалімдерімен өз тәжірибелерімен бөлісті.

Мұғалімдердің дайындығы сабақтың өтілуі,семинардың ұйымдастырылуы өте жақсы деп бағаланды.

2026 жылдың 23 сәуір күні осы аталған жобаның қорытындысы ретінде **«Бастауыш сыныпта математикалық тапсырмаларды логикалық есептермен шешуді үйрету жолдары»**тақырыбында білім беру ұйымдарының бастауыш пән мұғалімдерімен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша аймақтық семинар ұйымдастырылды.

Семинар аясында әртүрлі әдіс-тәсілдер ұсынылды: ребустар,логикалық есептер,сәйкестендіру тапсырмалары,ойын элементтері арқылы оқыту,сонымен қатар,деңгейлік тапсырмаларды қолдану,оқушылардың өз бетімен шешім

қабылдауына жағдай жасау қажеттілігі көрсетілді. Ж.Шаймарданова,Г.Сарбасова апайларымыз үздік сабақ іс-әрекетін көрсетті.

Семинарға қатысушылар ашық сабақтарды талқылау барысында мұғалімдердің сабақтарында оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту білім сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі екенін атап өтті.

Әдіскер Г.Т.Илесова мен әріптестер сабақтың құрылымы, қолданылған әдіс-тәсілдер, оқушылардың белсенділігі мен оқу жетістіктері туралы пікірлерін білдірді.Коучинг өткізген мұғалімдер Қ.Шатаева және Ұ.Абиева апайларынан логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тиімді әдістер қарастырылып,оларды оқу процесінде қолданудың маңыздылығы айқындалды.

Қорытынды:

Мектепішілік бақылау нәтижелері мұғалімдердің әдістемелік деңгейінің жоғары екенін, заманауи оқыту технологиялары мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудағы кәсіби шеберлігін көрсетті. Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, Lesson study және семинар-коучингтер арқылы кәсіби даму және оқу сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

3. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысын үйлестіру

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Әрбір бірлестік оқу сапасын арттыру, инновациялық технологияларды енгізу және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану бағытында жұмыс атқарды.

ӘБ отырыстарында:

- оқу бағдарламаларының орындалуы талданды;
- цифрлық платформаларды қолдану тәжірибесі талқыланды;
- пәндік апталықтар ұйымдастырылды;
- коучингтер, семинарлар және тәжірибе алмасу алаңдары өткізілді.

Әдістемелік бірлестіктер жұмысының нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби ынтымақтастығы нығайып, тәжірибе тарату жұмыстары жанданды.

Мақсаты: Мұғалімдердің әдістемелік деңгейінің іс-әрекеттегі тәжірибесін зерттеу, заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін қолдану тиімділігін бағалау.

Өткізілген іс-шаралар: Пәндік бірлестіктер онкүндіктері:

Химия-биология пәндері бірлестігі бойынша өткізілген онкүндіктің мақсаты – оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдету, зерттеушілік дағдыларын дамыту және оқыту үдерісінде заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдану болды.

Онкүндік барысында ашық сабақтар, зертханалық жұмыстар, танымдық іс-шаралар – күз жәрмеңкесі және күз балы ұйымдастырылды. Өткізілген сабақтарда мұғалімдердің заманауи технологиялар мен оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану деңгейі бағаланды. Сабақтарда QR код арқылы қысқа

мерзімді жоспарлармен жұмыс жүргізіліп, оқушылармен тиімді кері байланыс орнатылды.

Барлық сабақтарда панельдік тақталар толық пайдаланылып, цифрлық ресурстар оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталды. Химия пәні сабақтарында виртуалды зертхана қолданылып, оқушылардың күрделі тәжірибелерді қауіпсіз әрі тиімді түрде орындауына мүмкіндік жасалды. Бұл өз кезегінде теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға және пәнге деген қызығушылықты арттыруға ықпал етті. Әсіресе, Еркін Сәуле апайдың өткізген ашық сабағы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, сабақ барысында виртуалды зертхана мүмкіндіктері тиімді қолданылды. Оқушылар тәжірибелік жұмыстарды заманауи цифрлық құралдар арқылы орындап, пәнге деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Сабақтың мазмұны мен құрылымы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталды және қатысушылар тарапынан жоғары бағаланды.

Сонымен қатар, Кулиева Рахима апайдың лицей сыныбымен өткізген интеллектуалдық сабағы да ерекше назар аудартты. Сабақ барысында оқушылар логикалық тапсырмалар орындап, пәндік білімдерін тереңдетуге мүмкіндік алды. Интеллектуалдық сайыс элементтері енгізілген сабақ білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытып, белсенділіктерін арттырды.

Онкүндік қорытындысы бойынша оқушылардың белсенділігі жоғары деңгейде болып, пәндік білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алды. Мұғалімдердің инновациялық технологияларды тиімді пайдалануы сабақтардың сапасын арттырып, оқыту үдерісінің заманауи талаптарға сай ұйымдастырылғанын көрсетті.

Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігі бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың тілдік және әдеби білімдерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру және оқыту сапасын жетілдіру болды.

Онкүндік барысында ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, зияткерлік ойындар мен танымдық байқаулар ұйымдастырылды. Өткізілген сабақтарға қатысу барысында мұғалімдердің тұлғаға бағытталған оқыту тәсілдерін қолдану сапасы анықталып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып білім беру жұмыстарының тиімділігі байқалды. Сабақтарда оқушылардың өз пікірін еркін жеткізуіне, сыни ойлауына және шығармашылық белсенділігін дамытуға қолайлы жағдай жасалды.

Пән апталығы аясында ұйымдастырылған сабақтан тыс іс-шаралар оқушылардың белсенді қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Әсіресе, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рахмет Гүлмира апайдың 10-сынып оқушылары арасында өткізген «Поле чудес» интеллектуалдық ойыны ерекше қызығушылық тудырды. Ойын барысында оқушылар өз білімдерін көрсетіп қана қоймай, тапқырлықтарын, жылдам ойлау қабілеттерін және тілдік сауаттылықтарын таныта білді. Сонымен қатар, Қалдарбек Ұлжалғас және Құрбаналиева Ақмарал апайлардың өткізген ашық сабақтары жоғары деңгейде ұйымдастырылып,

заманауи оқыту әдістерін тиімді қолдануымен ерекшеленді. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігі жоғары болып, пән бойынша білімдерін тереңдетуге және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасалды.

Онкүндік қорытындысы бойынша оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, тілдік құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік жасалды. Өткізілген жұмыстар орыс тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың сапасын арттыруға және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға оң ықпал етті.

Тарих–география пәндері бірлестігі бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың тарих және география пәндеріне деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеру, зерттеушілік және танымдық қабілеттерін дамыту болды.

Апталық барысында оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейіне сәйкес сараланған тапсырмаларды тиімді қолдануға ерекше назар аударылды. Сабақтарда білім алушылардың жеке қабілеттері мен білім деңгейлері ескеріліп, деңгейлік тапсырмалар жүйелі түрде ұсынылды. Бұл оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өз мүмкіндіктеріне сай жұмыс жасауына және пәндік білімдерін жетілдіруіне мүмкіндік берді.

Онкүндік аясында ашық сабақтар, танымдық іс-шаралар мен зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. Соның ішінде тарих пәнінің мұғалімдері Мырзамұратов Асан және Көбен Кенжегүл апайлар ұйымдастырған «Тұлғаны таны» атты танымдық сабағы ерекше маңызға ие болды. Іс-шара барысында оқушылар тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы білімдерін ортаға салып, өздерінің танымдық және зерттеушілік қабілеттерін көрсетті.

Сондай-ақ, Мұратиярова Перизат апайдың ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік – тірегім» атты тәрбиелік іс-шарасы оқушылардың патриоттық сезімдерін нығайтып, еліміздің тәуелсіздік жолындағы жетістіктерін құрметтеуге тәрбиеледі. Іс-шара барысында оқушылар тарихи деректерге сүйене отырып, өз ойларын еркін жеткізіп, ел тарихына деген қызығушылықтарын танытты.

Тарих пәнінің мұғалімі Зиманова Ерке апай өткізген «Ұлы Жібек жолы» тақырыбындағы танымдық сабақ та жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушылар Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы, сауда мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесі туралы білімдерін кеңейтіп, картамен және тарихи материалдармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдірді.

Онкүндік қорытындысы бойынша оқушылардың пәндерге деген қызығушылығы артып, білім сапасының жоғарылауына оң әсер етті. Жоспарланған іс-шаралар толық орындалып, қойылған мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылды. Өткізілген жұмыстар тарих және география пәндерін оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен білімге деген ынтасын дамытуға ықпал етті.

Математика және физика пәндері бірлестігі бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың оқуға ынтасын арттыру, танымдық

қызығушылығын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру және жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім сапасын көтеру болды. Қолданылған әдіс-тәсілдер оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, пәндерге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Онкүндік аясында Сартбаева Жанар апайдың ұйымдастыруымен өткен «Бала шақтан болашаққа» атты ғылыми конференция жоғары деңгейде өткізілді. Конференция барысында оқушылар өздерінің ғылыми жобаларын таныстырып, зерттеушілік қабілеттерін көрсетті. Іс-шара білім алушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық ізденістеріне жол ашты.

Сонымен қатар, Зейнеханова Гүлшат апайдың ашық сабағы заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануымен ерекшеленіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Сабақ барысында білім алушылар белсенді қатысып, өз білімдерін тәжірибелік тапсырмалар арқылы көрсете білді.

Ибрагимова Мөлдір апай өткізген Kahoot платформасы негізіндегі ойын сабағы да оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Интерактивті форматта ұйымдастырылған сабақ оқушылардың білімдерін бекітуге, жылдам ойлау және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Онкүндік қорытындысы бойынша оқушылардың пәндерге деген ынтасының артқаны, білімдерін жетілдіруге деген талпыныстарының күшейгені байқалды. Өткізілген жұмыстар математика мен физика пәндерінің маңыздылығын арттырып, оқушылардың білім сапасын көтеруге және ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етті.

Информатика пән бірлестігі бойынша Информатика пән бірлестігі заманауи білім беру технологияларын енгізу бағытында жұмыс жүргізді. Сабақ барысында цифрлық ресурстар мен интерактивті әдістер кеңінен қолданылып, оқушылардың пәнді тиімді меңгеруіне жағдай жасалды. Бұл тәсілдер оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға ықпал етті.

Бастауыш сыныптар және мектепалды даярлық тобы бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, білім сапасын көтеру, функционалдық сауаттылықтарын дамыту және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру болды.

Апталық аясында түрлі ашық сабақтар, танымдық және дамытушы іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Сабақтарда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер тиімді қолданылып, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттері ескерілді. Нәтижесінде оқушылардың оқу белсенділігі артып, білімді тәжірибеде қолдану дағдылары қалыптасты.

1-сынып мұғалімі Абдухаликова Камшат апайдың шығармашылық сабағы ерекше әсер қалдырды. Сабақ барысында оқушылар аспан әлемін зерттеп, ғарыш кеңістігі туралы қызықты мәліметтермен танысты. Түрлі шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың қиялы мен зерттеушілік қабілеттері дамытылды.

Жас маман Сарбассова Гүлшат апай өткізген сабақта геометриялық фигуралар сынып ішіндегі заттармен байланыстыра түсіндіріліп, оқушылардың жаңа білімді өмірмен ұштастыра қабылдауына мүмкіндік жасалды. Сабақтың көрнекілігі мен практикалық бағыттылығы оқушылардың қызығушылығын арттырып, жоғары белсенділік танытуына ықпал етті.

Әшірбаева Жанар апайдың логикалық математика сабағы да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі тапсырмалар мен ойын элементтері қолданылды. Оқушылар есептерді талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын жетілдіріп, өз ойларын дәлелдей білуге машықтанды. Сабақ оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға оң әсерін тигізді.

Онкүндік қорытындысы бойынша жоспарланған іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылып, қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалды. Өткізілген жұмыстар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, білім сапасын көтеруге және шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік берді.

Қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестігі бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғалық қалыптасуына ықпал ету, тілдік құзыреттілігін жетілдіру және пәнге деген қызығушылығын арттыру болды.

Онкүндік аясында ашық сабақтар, әдеби кештер, шығармашылық тапсырмалар мен танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың тіл байлығын дамытуға, көркем сөзді түсіну және қолдану дағдыларын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінді. Сабақтарда оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері қолданылып, оқушылардың ойлау, талдау және өз ойын еркін жеткізу қабілеттері дамытылды.

Әдеби бағыттағы іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Жексенбаева Салтанат М.Мақатаев шығармашылығына арналған «Дариға домбырамды берші маған» атты әдеби кешті 8-сынып оқушыларымен өткізді. Іс-шара барысында оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, оның шығармашылық мұрасына терең бойлай білді.

9-сыныптар арасында Мусаева Гүлзипа апай ұйымдастырған «Өлең, мен сені сүйіп өтем» атты әдеби кеш Фариза Оңғарсынова шығармашылығына арналды. Оқушылар ақын поэзиясындағы терең ой мен сезімді талдап, өз пікірлерін еркін жеткізді.

Сонымен қатар, 5–6-сынып оқушыларымен Исимова Алия және Еспенбетова Зүбайра апайлар ұйымдастырған «Жыр алыбы – Жамбыл» атты шығармашылық кеш те ерекше әсерлі өтті. Іс-шара барысында оқушылар Жамбыл Жабаевтың шығармаларын таныстырып, өлеңдерін жатқа оқып, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Онкүндік барысында өткізілген ашық сабақтар да мазмұнды әрі тиімді ұйымдастырылып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Сабақтарда түрлі интерактивті әдістер қолданылып, оқушылардың белсенділігі жоғары деңгейде байқалды.

Қорытындылай келе, онкүндік барысында жоспарланған іс-шаралар толық орындалып, қойылған мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылды. Өткізілген жұмыстар қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізді.

Тәлімгерлер мен үйірме жетекшілері бойынша

Тәлімгерлер мен үйірме жетекшілері оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында түрлі үйірме жұмыстары мен тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Бұл жұмыстар барысында дарынды және өнерлі оқушылар анықталып, олардың қабілеттерін дамытуға қолдау көрсетілді. Нәтижесінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі артып, бос уақытын тиімді пайдалану дағдылары қалыптасты.

Дене шынықтыру және алғашқы әскери және технологиялық дайындық (АӘТД) пәндері бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың білімге, спортқа және әскери-патриоттық тәрбиеге қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыру мен әскери дайындықтың маңызын түсіндіру болды.

Онкүндік барысында жоспарға сәйкес ашық сабақтар, спорттық жарыстар, әскери-патриоттық бағыттағы іс-шаралар, эстафеталар, сайыстар мен танымдық кездесулер ұйымдастырылды. Іс-шараларға оқушылар белсенді қатысып, өздерінің спорттық қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін және командалық жұмыс дағдыларын көрсете білді.

Атап айтқанда, Қосаев Дәндібай ағайдың 3-сынып оқушыларымен өткізген жарыс сабағы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың ептілігі мен шапшаңдығын дамытуға бағытталды. Сабақ барысында түрлі эстафеталық ойындар өткізіліп, оқушылар белсенділік танытты. Сонымен қатар, Мұсаева Бибісара апайдың 2-сынып оқушыларымен өткізген сабағында жас ерекшеліктеріне сай ойын элементтері тиімді қолданылып, оқушылардың дене белсенділігін арттыруға және спортқа деген қызығушылығын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Сондай-ақ, Танабаев Сержан ағайдың 9-сынып оқушыларымен өткізген волейболдан жарыс сабағы оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Сабақ барысында волейбол ойынының техникалық тәсілдері жетілдіріліп, командалық ойын мәдениеті мен өзара ынтымақтастық дағдылары дамытылды. Оқушылар жарыс барысында өздерінің спорттық дайындықтарын көрсетіп, жоғары белсенділік танытты.

Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығының жоғары болуы онкүндіктің тиімділігін көрсетті. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды

жалғастырып, оқушыларды спортқа кеңінен тарту және әскери-патриоттық тәрбиені күшейту жұмыстары жүргізілетін болады.

Ағылшын тілі пәні бірлестігі бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, тілдік дағдыларын дамыту, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру және білім сапасын көтеру болды.

Онкүндік аясында ашық сабақтар, интеллектуалды ойындар, викториналар, дебаттар, сайыстар және түрлі танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Өткізілген сабақтарда заманауи оқыту әдістері мен ақпараттық технологиялар тиімді қолданылып, оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылды.

Атап айтқанда, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Исаева Ұлбосын және Мұхтарқызы Жанар апайлардың ұйымдастыруымен өткізілген «Smart Bala» интеллектуалдық ойын сабағы оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Ойын барысында білім алушылар ағылшын тілінде түрлі тапсырмаларды орындап, өздерінің білімдерін, логикалық ойлау қабілеттерін және тапқырлықтарын көрсетті.

Сондай-ақ, Сатбекова Құралай апай өткізген speaking сабағы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталды. Сабақ барысында түрлі диалогтар, пікір алмасулар және коммуникативтік тапсырмалар орындалып, оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеу қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік жасалды.

Ибрайымхан Айнұр апайдың ұйымдастыруымен өткізілген «Еуропаға саяхат» тақырыбындағы ойын сабағы да оқушылардың қызығушылығын арттырды. Сабақ барысында білім алушылар өздерін саяхатшы ретінде сезініп, Еуропа елдері туралы мәліметтермен танысты, ағылшын тілінде қарым-қатынас жасап, түрлі жағдаяттық тапсырмаларды орындады. Бұл сабақ оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға және дүниетанымдарын кеңейтуге ықпал етті.

Онкүндік қорытындысы бойынша оқушылардың ағылшын тілін меңгеруге деген ынтасының артқаны, пән бойынша білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларының дамығаны байқалды. Алдағы уақытта оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін одан әрі жетілдіруге және ағылшын тіліне қызығушылықтарын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылатын болады.

Бейіндік оқыту және лицей сыныптары бойынша өткізілген онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың бейіндік пәндер бойынша терең білім алуына жағдай жасау, физика-математика, биология-химия және басқа да бағыттар бойынша білім сапасын арттыру, оқушылардың ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Онкүндік аясында зияткерлік ойындар, ғылыми жобалар көрмесі, тәжірибелік жұмыстар, пәндік байқаулар ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында

оқушылар өз білімдерін практикамен ұштастырып, пәндерге деген қызығушылықтарын арттырды. Әсіресе, физика-математика және биология-химия бағыттарындағы зертханалық жұмыстар мен ғылыми жобалар оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға оң әсерін тигізді.

Өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың бейіндік пәндер бойынша білім деңгейін жетілдіруге, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға және болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік жасалды. Лицей сыныптарының білім алушылары өздерінің теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана отырып, жоғары оқу орындарына дайындық деңгейлерін көрсете білді.

Онкүндік барысында жоспарланған іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылып, қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалды. Оқушылардың белсенді қатысуы мен жоғары нәтижелері өткізілген жұмыстардың тиімділігін дәлелдеді. Алдағы уақытта бейіндік пәндер бойынша білім сапасын арттыруға, дарынды оқушыларды қолдауға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылатын болады.

4. Жас мамандармен жұмыс және тәлімгерлік жүйесі

Жас мамандардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында тәлімгерлік жүйесі ұйымдастырылды. Барлық жас педагогтерге тәжірибелі мұғалімдерден тәлімгерлер бекітілді.

Жас мамандар

№	Жас маман	пәні	тәлімгері
1	Ибадулла Сандуғаш	математика	Зейнеханова Гулшат
2	Сарбассова Гулшат	Бастауыш сынып мұғ	Әбіл Гулбану
3	Лесбек Лаура	Орыс тілі	Қалдарбек Улжалғас
4	Талатова Рабия	математика	Махимова Ж
5	Бахарам Мадина	математика	Ибрагимова М
6	Тургунбаева Гулчехра	Орыс тілі	Асылбекова А
7	Нұргелді Алтынай	математика	Сартбаева Жанар
8	Бейсен Гаухар	химия	Даниярова Дарига

Тәлім алушы жас мамандар **Сарбасова Г.** және **Ибадулла С.** өз тәлімгерлерімен тәжірибе алмасуда. «Жас мұғалім – тәлімгер» жүйесі бойынша жас мамандар тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы кәсіби тәжірибе жинақтады.

Сонымен қатар, жас мамандардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында «Жас маман – алға бас қадам» атты тренинг-сұхбат сабағын ДҒӘЖЖО Телеубергенова Кунсая өткізді. Бұл сұхбат негізінде олардың сұраныстарына сәйкес **Келдібаева Г.** апайымыз «Тиімді ҚМЖ құрастыру: жас мұғалімнің кәсіби қадамы» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырды.

Жас мамандардың сабақтарына қатысу мына мұғалімдермен жүргізілді:

- **Математика:** Талатова Р., Бахарам М., Жасұзақ Н., Ибадулла С.
- **Физика:** Жұмағұл Ж.

- **Орыс тілі:** Лесбек Л, Тургунбаева Г.

Жас мамандардың кәсіби әлеуетін дамыту, олардың шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін ашу, тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау және кәсіби өсуге ынталандыру мақсатында 2026 жылдың 02–06 ақпан аралығында мектепте «Жас мамандар апталығы» ұйымдастырылып, өткізілді.

Апталық барысында жас педагогтер ашық сабақтар өткізіп, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, өздерінің кәсіби шеберліктерін көрсетті. Сонымен қатар, шеберлік сыныптары, коучингтер мен тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылып, қатысушылар өзара пікір алмасып, жаңа идеялармен бөлісті.

Іс-шаралар жас мамандардың шығармашылық ізденісін арттырып, олардың педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге ықпал етті. Апталық жоғары деңгейде өтіп, қойылған мақсаттар толықтай орындалды.

2026 жылдың 19 наурызында білім беретін мектеп педагогтеріне арналған «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтердің VIII Республикалық байқауының мектепішілік кезеңі жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, өткізілді. Байқаудың мақсаты – жас педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту және тәжірибе алмасу.
Байқауға төменде көрсетілген жас мамандар қатысты:

1. Бахарам Мадина
2. Талатова Рабия
3. Нургелді А.
4. Адильбеков С.
5. Сарбассова Г.
6. Лесбек Лаура

Қазылар алқасы құрамы:

- Мектеп психологы – Жұмабаева Ф.
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Есенбаева А.
- Биология пәні мұғалімі – Абдыкадирова А.
- Тарих пәні мұғалімі – Келдібаева Г.

Қазылар алқасының шешімі бойынша байқау нәтижелері төмендегідей анықталды:

- Бас жүлде: Нургелді А.
- I орын: Талатова Рабия
- II орын: Лесбек Лаура
- III орын: Бахарам Мадина

Қорытынды:

Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті. Жас педагогтер өздерінің кәсіби деңгейін көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытып, тәжірибе алмасты.

Осылайша, жас мамандардың кәсіби өсуі мен тәжірибе алмасуы тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді.

Жыл бойы:

- жеке кеңестер берілді;
- сабақтарға қатысу және талдау жүргізілді;
- құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсетілді;
- ашық сабақтар ұйымдастырылды;

- кәсіби қиындықтарды шешу бойынша қолдау көрсетілді.

Тәлімгерлердің қорытынды есептері бойынша жас мамандардың педагогикалық шеберлігі мен сабақ жоспарлау дағдыларының дамуы байқалды.

5. Оқу сапасын, олимпиада, конкурс және ғылыми жобаларды ұйымдастыру

Оқу жетістіктерінің сапасына тұрақты мониторинг жүргізілді. Сыныптар бойынша білім сапасы талданып, диагностикалық жұмыстар нәтижелері зерделенді.

Дарынды оқушылармен жұмыс аясында:

- мектепішілік олимпиада өткізілді;
- аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға қатысу ұйымдастырылды;
- ғылыми жобалар конкурстарына оқушылар дайындалды;
- шығармашылық және интеллектуалдық байқауларға қатысу қамтамасыз етілді.

Олимпиада резервтері мектебі» жұмысы.
2025-2026 оқу жылында «Зерде» кіші ғылыми жобасы және жалпы білім беретін пәндер бойынша пән олимпиадалары өткізілді.
Мектепішілік олимпиадаға қатысу:
Жалпы 347 оқушы қатысты: 9-11 сыныптар – 118 оқушы, 5-8 сыныптар – 229 оқушы.
Аймақтық олимпиадаға 9-11 сынып оқушылары арасынан 33 оқушы қатысып, 21 оқушы аудандық олимпиадаға жолдама алды:
Жаратылыстану-математикалық бағыт – 8 орын (I орын – 1 оқушы)
Қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 1 орын (I орын – 1 оқушы)
5-6, 7-8 сыныптар бойынша – 19 орын (I орын – 3 оқушы), жаратылыстану-математикалық бағыт – 8 орын (I орын – 1 оқушы), қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 11 орын (I орын – 2 оқушы).
Облыстық олимпиадаға қатысу:
9-11 сыныптан Нурлыбек Ж. (Химия) және Қамзабек Д. (Құқықтану) қатысып, Қамзабек Д. III орын алды. 7- 8 сынып бойынша Ажмомбет Аруна облыстан III орын алды.
Олимпиадаға жүйелі дайындық жүргізу және балаларға әр пәннің ерекшелігін жан-жақты түсіндіру мақсатында сабақтан тыс зияткерлік ойын сабақтары мен поэзия кештері жоспарланып, жыл бойы тұрақты түрде өткізіліп келеді.
Аталған зияткерлік ойындар мен мәдени шаралар оқушылардың бейінін анықтауға, келешекте олимпиаданың пәнін және мамандық таңдау кезінде қажетті пәндерді дұрыс таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл іс-шаралар ҰБТ нәтижелеріне де оң ықпал етуге мүмкіндік береді, өйткені оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылық қабілеті және пәнге деген қызығушылығы арта түседі.

Осылайша, сабақтан тыс ұйымдастырылатын зияткерлік және шығармашылық іс-шаралар оқушылардың интеллектуалды дамуына, кәсіби бағдарлануына және білім сапасының өсуіне маңызды үлес қосады. Әр айға осылай жоспар құрылған:

Қараша айында өткізілетін іс – шаралар жоспары

№	Сынып	Мерзімі	Кабинет	Пән атауы	Тақырып атауы	Жауапты мұғалім
1	5 а,ә,б, в,г,д	28.11.2025ж	№25 кабинет	Информатика	«Жасанды интеллект»	Абиров Н
